

аллаға деген сенімін қалыптастыры, жаман іс істемей, бір аллаға сиынып, түзу басып түзу жүр деп, әр жаралы жақыбайларға, кембағал жандарға жәрдемдес, өзің болсаң басқаға шекеңнен қарап, менсінбей, көкіректік танытпа деген сияқты адамгершілік ізгі қасиеттерге баулуымыз біздің басты мақсатымыз.

Этнопедагогиканың элементтерін тек сабақ үстінде ғана пайдаланып қана қоймай, сабақтан тыс жүргізілетін білімдік-тәрбиелік жұмыстарға да еңгізу тәлім-тәрбие ісінде жақсы жетістіктерге жеткізіп, оқушыларды ұлттық рухқа тәрбиелеуге мол мүмкіндік береді.

«Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» деп дана халқымыз бекер айтпаған. Яғни адам бойындағы бар игі қасиет мектеп қабырғасында қаланады. Еліміздің ертеңгі ұлт тізгінін ұстар жастарымыздың тәрбиесіне аса мән беру-біздің негізгі мақсатымыз. Осыған орай мектептегі тәрбие үрдісін ұлттық қағидалармен толықтыру өте қажеттілікті талап етеді. Бүгінгі таңдағы мектептер балаларға жекеленген ғылыми пәндерді терең оқытуға тырысып бойларына адамгершілік құндылықтар арқылы тәрбиелеу жұмысы жүргізілу үстінде. Ендеше рухани-адами салауаттылық жолын қалыптастыру уақыты жеткен тәрізді /7/.

Қорытындылай келе халық педагогикасы – ұлттық қазына, ұлттық несібе. Оны жеткіншектің тұла бойына сіңіру әрбір берген тәрбие, сынып сағаты, пәндік сабақтар арқылы адамгершілікті одан әрі ұлттық бағытта ұстанып, ұлттық ерекшеліктермен қатар, ұлттық менталитеттің қыр сырын білдіру керек. Тәрбиелеу және тәрбиелену оңай жұмыс емес. Ол адамнан ұдайлықты қажет етеді. Заман талабына сәйкес өмір сүру тәртібі өзін-өзі өзгертуіне, өзіндік көзқарастардың қалыптасуына, айнала қоршаған ортамен санасуына ықпал етпей қоймайды. Сондықтан оқушылардың рухани – адамгершілік құндылықтарын дамыта отырып, тәрбиелеу үрдісін одан әрі жетілдіру оқу – тәрбие үрдісінің мазмұнын жаңартуға жасалынған қадамдар адамгершілік сипаттағы ұлттық тәрбие болмақ /8/.

Л.Х. Салимованың айтуынша: «Адамгершілік тәрбие – жеткіншектердің адамгершілік нормалар мен ережелерді меңгеруде, оларда адамгершілік сезімдерді дамытуға, адамгершілік сана мен сенімдерді қалыптастыруға, мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді, іскерліктерді шындауға бағытталған педагогикалық үрдіс. Бұл үрдістің негізгі мақсаты –жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіру деңгейіне өтуі».

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Жұмабаев М. Педагогика. 1992. 160 б.
- 2 Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика. – 2006. – №2. – 23–49 б.
- 3 Абайдың дүние таным философиясы. – Алматы: Ғылым, 1995. – 382 б.
- 4 Оразбекова Қ.А. Отбасы психологиясы. – Алматы: РБК, 1997. – 247 б.
- 5 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім тәрбиесі. – Алматы: Ана тілі, 1995.
- 6 Кішікбеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999.
- 7 Ұлағат. 2001. – №5.

СТУДЕНТТЕРДІ ҰЛТЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ДӘСТҮРЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ

*Иманбетов А.Н., Абишев Ж.Б., Аbugалиев Б.Н.,
Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, Қарағанды қ.*

Патриоттық тәрбие жұмыстарының мені мен мақсаты жене оны ұйымдастырудағы педагогикалық талаптар, қоғамдық әсер етудің анағұрлым белсенді тәсілдері адамның рухани қабілетін қалыптастыру арқылы патриоттық тәрбиенің жан-жақты жарасымды дамуына ықпал ету болып отыр.

Тәрбиенің кез келген түрі жалпы қоғамдық мәдениеттің құрамына енеді. Студенттерді ұлтжандылыққа тәрбиелеудің арнайы әдістемелерін жасау ісінде тәрбие жетістіктерінің жиынтығын көрсете отырып, жалпы ұйымдастыру түрлерінің мәліметтері арқылы белгіленеді.

Осыған байланысты студенттерге патриоттық тәрбие беруде ұлттық және интернационалды қатынас мәселелерін дамытуда үлкен маңызға ие.

Халқымыздың мол тарихын ескере отырып ұлттық сананы қалыптастыруда, жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие жұмысында патриоттық қаһармандық ерлік дәстүрінің негізгі элементтерін, оның ішінде патриоттық тәрбиенің негізгі бағыттарының бірі ерлік және жауынгерлік тәрбие мазмұнын жан-жақты қамти отырып, кеңінен енгізу қажеттілігі туындап отыр.

Қазақстан Республикасы әскери доктринасы мен әскери құрылыс тұжырымдамасында «Патриоттық тұрғыда тәрбие беруді жақсартуға бағытталған кешенді бағдарлама әзірлеу қажет» деген ұсынысын негізге алып, халқымыздың ерлік және жауынгерлікке байланысты бай мұрасын зерделей отырып студенттерге ұлттық құндылықтар арқылы патриоттық тәрбие беру мәселесі өзекті мәселе болып отыр.

Халық қаһарманы кеңес одағының батыры Б. Момышұлы «Бұрындары жасалған ерліктерді сыйламай, қадірлемей тұрып, жаңа ерлікке шақыру берекешілік» – деп атап көрсеткендей студенттерді ата - баба дәстүрі бойынша ерлік рухта тәрбиелей отырып олардың бойына намыс, парыз, ұлттық сана және жауапкершілік сезімін қалыптастыру қажет /1/.

Осы мақсатқа жету үшін Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім проблемалары институтының этнопедагогика және тәрбие лабораториясында соңғы жылдары жарық көрген Қазақстан Республикасы тарихи сананы қалыптастыру туралы тұжырымдамасы [2], Қазақстан Республикасы мәдени –этникалық тұжырымдамасы /3/.

Ұлттық құндылықтар арқылы патриоттық тәрбие берудегі негізгі мақсат:

ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ұлттық дәстүрлер,

– ата салтқа,

– туған өлке,

– жерге, тілге,

– Отанға-деген сүйіспеншілігін,

– Отан алдындағы әскери міндетін атқаруға психологиялық, моральдық дайындықтарын қалыптастыру.

– этнопедагогика ұстанымдарын пайдалана отырып, студенттердің бойындағы ұлттық сана - сезім, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру;

– Қазақстан Республикасының туына, елтаңбасына, әнұранына деген құрметін қалыптастыру;

– ғылымға, білімге деген ықыласын арттыру, өмірлік мақсаттарын айқындауға, жеке бастың қасиеттерін қалыптастыруға көмектесу;

– жат қылықтарға қарсы төзбеушілік және құқықтық қасиеттерді меңгерту;

– студенттердің спорттық мүмкіндіктеріне байланысты дене шынықтыру түрлеріне бейімдеу;

– студенттер халықтық педагогика құндылықтарын меңгеріп және жауынгерлік тарихын, жауынгерлік дәстүрімен таныса отырып, елін, жерін қорғайтын және ұлттық бірлікті, бейбітшілікті нығайта алатын азамат тәрбиелеу.

Студенттерді отансүйгіштікке қазақстандық патриотизмге баулудың негізгі тірегі патриоттық тәрбие дәстүрін студенттер болмысына ендіру іс-әрекетін ұйымдастырудан бастаған жөн. Бұл мәселені шешу үшін біріншіден, педагогикалық талаптарды ескере отырып тұжырымды бағдарламалар, оқулықтар, оқу-құралдары, әдістемелік нұсқаулар жасау қажет. Мұның өзі студенттердің ұлттық патриотизмінің таңдаулы үлгілерін адамгершілік, азаматтық (патриотизм және адамгершілік тәрбиесінің бір саласы) білімдерін дамытуға жәрдемдеседі.

Екіншіден, оқу материалына зәру болып жүрген студенттерге бұл мәселені дұрыс жүзеге асыруда көмектесіп, бағыт - бағдар береді.

үшіншіден, қазақстандық патриотизмге және интернационализмге баулудың белгілі бір саласынан жасалған мұндай дидактикалық кешен халықтық мәдени дәстүрді, тарихи

кезеңдерді, әдет- ғұрыптарды тез меңгертуге мұрындық болады.

Енді осы мәселелерді тәжірибеге қалай енгізілгенін, жұмыс барысында қалай шешімін тапқанына тоқталайық.

Ендігі міндет студенттерді патриотизмге тәрбиелеудің бағыттарын педагогикалық жақтан негіздеу және оны жұмыс практикасына ендіру жолдарын қарастыру. Патриоттық тәрбие жұмыстары барысында Отанға сүйіспеншілік, жалпы елдің экономикалық ғылыми, моральдық - саяси, әскери қуатын арттыруға үлес қосуға дайын болу, Отанды идеологиялық, мәдени экспанциядан қорғау, қажет болса қарумен қорғауға әзірлік сенімі қалыптасады; студенттер намыс, ар-ождан, қайырым, мейірім сезімдері мен қатар Отанын мақтаныш тұту, оның жетістіктеріне сүйсіну, қиындықтарына күйіну, әрқашан елін, жерін қорғауға дайын болу, басқаша айтқанда іс-әрекетімен ұштастыруға бейімделеді.

Бұлар соғыссыз, бейбітшілік замандағы патриотизм қандай болуы керек деген мәселенің шешімін анықтайды. Бейбітшілік замандағы патриотизм біздің жағдайымызда береке – бірлік, экономикалық өрлеуге үлес қосу, қазақтар үшін ұлттық мүддені қорғау, оның сақталып қалуын басты мұрат ету деп білеміз.

Тәрбиенің ірге тасының қаланатын тұсы-отбасы мен тұрмыс, сондықтан өмірде жастар арасында кездесіп жататын ана тілін ұқпау, салт-дәстүрді білмеу, үлкенді сыйламау сияқты келеңсіздіктердің пайда болуы, отбасындағы тәрбиенің жеткіліксіздігі, ата-ананың бала тәрбиесіне мән бермеуінен дейді. Осыған орай

Бұны отбасында өсіп келе жатқан жас буындарды патриотизмге тәрбиелеуде ерен үлес қосатын аса маңызды әлеуметтік орта деп ой түюге болады. Сол себепті мұнда студенттерді патриотизмге тәрбиелеуді ғылыми-педагогикалық тұрғыдан ұйымдастыруды қарастыру өз алдына бүгінгі күні кезек күттірмейтін мәселесі екендігі атап көрсетеміз. Қоғамның өз азаматтарына қызымет етуі адамның өзіне байланысты екені белгілі. Бұл қоғамның жай - күйі оның әрбір азаматына байланысты деген сөз.

Демек, Қазақстан республикасының егемендігі мен тәуелсіздігін нығайтып дамуының басты шарттарының бірі оның азаматтарының патриотизмі. Адамдар санасындағы бұрынғы Кеңес Одағы кезінде патриотизмнің мазмұны, жаңа қоғамдық жағдайда біртіндеп жаңару процессін бастан кешіруде, бірақ сол құндылықтар әлі қалыптасып бола қойған жоқ.

Халқымыздың дәстүрлері арқылы студенттерде патриоттық тәрбие қалыптастырудың нәтижелі болуы оқытушылардың осы бағыттағы алған этно-білімдері мен әдістемелік дайындықтарының деңгейіне тікелей байланысты. Қазақ халқының ұлттық дәстүрлерін студенттер тәрбиесіне пайдалануға даярлықтың төмендігі, студенттерді патриотизмге тәрбиелеуде қазақ халқының ұлттық дәстүрлерін пайдалану үшін студенттерді оқу-тәрбие процессінде даярлау мақсатында жоғары оқу орындарында қалыптастыру экспериментін жүргізу қажеттігі туындайды.

Халықтық педагогикада ұлттық дәстүрлерін пайдалануға студенттердің теориялық және практикалық даярлықтарын қамтамасыз ету. Жоғары оқу орындарында оқытылатын әлеуметтік-гуманитарлық, жалпы кәсіби пәндер мүмкіндіктерін пайдалану арқылы арнайы курс бағдарламасын жасап, оны педагогикалық практика кезінде студенттердің теориялық білімдерімен бекіту оқушылар тәрбиесінде халықтық педагогикасында ұлттық салт-дәстүрлерін пайдалана білу іскерліктерін қалыптастыру және оны өз бетінше дербес практикада пайдалануға дағдыландыру оның міндеттері болып табылады. Соның негізінде қазіргі жоғарғы оқу орындарына қойылып отырған талаптарға сай студенттердің оқу-тәрбие процессінде қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерін нәтижелі пайдалана білуін қамтамасыз ету.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 52–54 б.

2 Қазақстан Республикасы тарихи сананы қалыптастыру туралы тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. 1996. 7 тамыз. 2–3 б.

3 Қазақстан Республикасы мәдени-этикалық тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. 1996. 7 тамыз. 1 б.